

**"Сырдария өзенінің арнасын реттеу және Арал теңізінің солтүстік бөлігін сақтау (1 фаза)" жобасын іске асыруды қамтамасыз ету мәселелері жөніндегі ведомствоаралық үйлестіру комиссиясын құру туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 24 шілдедегі N 742 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 20 мамырдағы № 453 Қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2010.05.20 № 453 Қаулысымен.**

2001 жылғы 22 қазандағы Қазақстан Республикасы мен Халықаралық Қайта Құру және Даму Банкі арасындағы Заем туралы келісімге сәйкес ("Сырдария өзенінің арнасын реттеу және Арал теңізінің солтүстік бөлігін сақтау (1 фаза)" жобасы) Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қосымшаға сәйкес құрамда "Сырдария өзенінің арнасын реттеу және Арал теңізінің солтүстік бөлігін сақтау (1 фаза)" жобасын іске асыруды қамтамасыз ету мәселелері жөніндегі ведомствоаралық үйлестіру комиссиясы құрылсын.

2. Қоса беріліп отырған "Сырдария өзенінің арнасын реттеу және Арал теңізінің солтүстік бөлігін сақтау (1 фаза)" жобасын іске асыруды қамтамасыз ету мәселелері жөніндегі ведомствоаралық үйлестіру комиссиясы туралы ереже бекітілсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының*

*Премьер-Министрі*

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 3                      ж ы л ғ ы                      2 4                      ш і л д е д е г і

N                      7 4 2                      қ а у л ы с ы н а

қосымша

**Ескерту. Қосымша жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2006.06.30 N 605 қаулысымен.**

**"Сырдария өзенінің арнасын реттеу және Арал теңізінің солтүстік бөлігін сақтау (1 фаза)" жобасын іске асыруды қамтамасыз ету мәселелері жөніндегі ведомствоаралық үйлестіру комиссиясының құрамы**

Есімов - Қазақстан Республикасының Ауыл  
Ахметжан Смағұлұлы шаруашылығы министрі, төраға

Рябцев - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы  
Анатолий Дмитриевич министрлігі Су ресурстары комитетінің  
төрағасы, төрағаның орынбасары

Кеншімов - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы  
Әмірхан Қадырбекұлы министрлігінің Су ресурстары комитеті  
төрағасының орынбасары, хатшы

Қараманов - Қазақстан Республикасы Парламентінің  
Ұзақбай Қараманұлы Мәжілісі Экология және табиғатты  
пайдалану мәселелері комитетінің мүшесі

Қараманов - Қазақстан Республикасы Индустрия және  
Асқар Ұзақбайұлы сауда министрлігінің Құрылыс және  
тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері  
комитеті төрағасының орынбасары

Темірханов - Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны  
Кеңес Қайыргелдіұлы қорғау министрлігінің Табиғатты  
қорғауды бақылау комитеті төрағасының  
орынбасары

Байнақов - Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі  
Рахмет Ғазизұлы Үкіметтік қарыздарды тарту  
департаментінің директоры

Бертисбаев - Қазақстан Республикасы Энергетика және  
Несіпқұл Бертисбайұлы минералдық ресурстар министрлігі Электр  
энергетикасы және көмір өнеркәсібі  
департаментінің директоры

Ермекова - Қазақстан Республикасы Экономика және  
Несіпбала Әбсағитқызы бюджеттік жоспарлау министрлігі Салалық  
органдардың шығыстарын жоспарлау  
департаментінің директоры

Әбішев - Оңтүстік Қазақстан облысы әкімінің  
Ислам Алмаханұлы бірінші орынбасары

Еламанов - Қызылорда облысы әкімінің орынбасары  
Бекмырза Қайыпұлы

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы  
Ү к і м е т і н і ң  
2 0 0 3 ж ы л ғ ы 2 4 ш і л д е д е г і  
N 7 4 2 қ а у л ы с ы м е н  
бекітілген

**"Сырдария өзенінің арнасын реттеу және Арал теңізінің солтүстік бөлігін сақтау (1 фаза)" жобасын іске асыруды қамтамасыз ету мәселелері жөніндегі ведомствоаралық үйлестіру комиссиясы туралы ереже**

## **1. Жалпы ережелер**

1. Осы ереже Ведомствоаралық үйлестіру комиссиясының (бұдан әрі - Комиссия) "Сырдария өзенінің арнасын реттеу және Арал теңізінің солтүстік бөлігін сақтау (1 фаза)" жобасын (бұдан әрі - Жоба) іске асыруды қамтамасыз ету мәселелері бойынша қызметін реттейді. Комиссия 2001 жылғы 22 қазандағы Қазақстан Республикасы мен Халықаралық Қайта құру және Даму Банкі арасындағы Заем туралы келісім шеңберінде Жобаны іске асыруды қамтамасыз ету жөніндегі ұсыныстар әзірлеу мақсатында құрылған.

2. Комиссия Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы консультациялық-кеңесші орган болып табылады.

Комиссия өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының Заңдарын және өзге де нормативтік құқықтық кесімдерді, сондай-ақ осы Ережені басшылыққа алады.

## **2. Комиссияның негізгі міндеттері мен функциялары**

3. Комиссияның негізгі міндеттері мен функциялары:

1) Жоба шеңберінде Сырдария өзені арнасының су режимін реттеу және Арал теңізінің солтүстік бөлігін сақтау арқылы аймақтың экологиялық және әлеуметтік-экономикалық жағдайын жақсарту;

2) Қазақстан Республикасының Үкіметіне Халықаралық Қайта құру және Даму Банкі беретін заем қаражатын тиімді пайдалану;

3) Жобаны іске асыру жөніндегі мәселелерді үйлестіру;

4) жаңадан гидротехникалық құрылыстарды жобалауға және салуға, сондай-ақ жұмыс істеп тұрған өзен бойындағы құрылыстарды жөндеу жұмыстарын жүргізуге жергілікті еңбек және материалдық ресурстарын барынша пайдалануды қамтамасыз ету жөнінде ұсыныстар әзірлеу болып табылады.

## **3. Комиссияның құқықтары**

4. Комиссия өзінің міндеттеріне сәйкес:

- 1) Комиссия өз құзыретіне қатысты мәселелер бойынша орталық және жергілікті мемлекеттік органдардан қажетті ақпаратты алуға;
- 2) Жобаны іске асыру мәселелері бойынша ұсыныстар мен ұсынымдар дайындауға;
- 3) белгіленген тәртіппен Комиссияның құрамына өзгерістер және/немесе толықтырулар бойынша ұсыныстар енгізуге құқығы бар.

#### **4. Комиссияның қызметін ұйымдастыру**

5. Комиссияны оның қызметіне басшылық жасайтын, Комиссияның отырыстарына төрағалық ететін, оның жұмысын жоспарлайтын төраға басқарады. Төраға болмаған уақытта оның функцияларын орынбасары атқарады.

6. Жұмыстарды ұйымдастыруды және тиісті материалдарды дайындауды Комиссияның хатшысы жүзеге асырады.

7. Комиссияның жұмыс органы Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Су ресурстары жөніндегі комитеті болып табылады.

8. Комиссия мәжілісі қажеттігіне қарай, бірақ жарты жылдық сайын кем дегенде бір рет өткізіліп тұрады.

9. Мәжілістің күн тәртібін, сондай-ақ олардың өткізілетін орны мен уақытын Комиссия мүшелерінің келісімі бойынша Комиссияның төрағасы анықтайды және нақтылайды.

10. Комиссияның шешімдері ашық дауыс беру жолымен қабылданады және егер оған Комиссия мүшелері жалпы санының көпшілігі дауыс бергенде қабылданды деп саналады. Дауыстар тең болған жағдайда төраға дауыс берген шешім қабылданды деп саналады.

Комиссия шешімдері хаттамамен ресімделеді және олардың ұсынымдық сипаты бар.

#### **5. Комиссияның қызметін тоқтату**

11. Жобаны іске асыру аяқталғаннан кейін Комиссия өз қызметін тоқтатады.